

Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарын аттестаттау туралы ереже

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 9 наурыздағы N 150 бұйрығы . Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 14 наурызда тіркелді. Тіркеу N 483

Ескерту. Тақырыбының атауы жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.

Ескерту. Ережеде бүкіл мәтін бойынша «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі», «аумақтық әділет органы» «аумақтық әділет органдарына», «аумақтық әділет органдарының», «аумақтық әділет органының», «аумақтық әділет органына» деген сөздер «әділет департаменті», «әділет департаменттеріне», «әділет департаменттерінің», «әділет департаментінің», «әділет департаментіне» деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.

1. Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарын аттестаттау туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) көрсетілген адамдарды аттестаттау тәртібін, шарттары мен мерзімдерін реттейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.

2. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының (бұдан әрі - "лауазымды адам") нотариаттық іс-әрекеттер жасауға және уәкілетті лауазымды адамы осы іс-әрекеттерді жасауға құқық алу үшін аттестациядан өтеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.

3. Лауазымды адамдарды аттестациядан персоналдық құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін аумақтық аттестация комиссиясы (бұдан әрі - "аттестациялық комиссия") өткізеді.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 бұйрығымен.

4. Лауазымды адамдарды аттестациялау үшін сұрақтар тізбесінің жобасын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мемлекеттік және орыс тілдерінде

ж а з а д ы ж ә н е б е к і т е д і .

Сұрақтар тізбесі Әділет министрлігінен аумақтық әділет органдарына аттестация басталардан кем дегенде 30 күн бұрын жіберіледі.

Аттестацияның сұрақтар тізбесі аумақтық әділет органдарының қол қоюымен аттестация басталардан кем дегенде 15 күн бұрын барлық аттестациядан өтуші лауазымды адамдарға тапсырылады.

5. Аттестацияны өткізу мерзімін әділет департаменті белгілейді.

Аттестацияланушы лауазымды адам аттестацияның басталуы мен орнымен аттестация басталардан үш күн бұрын таныстырылуы тиіс.

6. Аумақтық аттестация комиссиясының қызметін ұйымдастыруды қамтамасыздандыру әділет департаментіне жүктеледі.

7. Лауазымды адамдарды аттестациялау әңгімелесу жолымен аттестацияланушының қалауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

8 . < * >

Ескерту: 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 бұйрығымен.

9. Егер аттестация мәжілісіне комиссия мүшелерінің жартысынан көбірек қатысса, аттестациялық комиссия шешім қабылдауға құқылы.

10. Аттестациялық комиссияның мәжілісінде хаттама жүргізіледі. Хаттамада мәжілістің уақыты мен өтетін жері, комиссия құрамы, аттестацияланушының тегі, аты, әкесінің аты мен лауазымы, қабылданған шешім және аттестациялық комиссиясының кепілдемесі көрсетіледі.

11. Аттестациялық комиссияның шешімі хаттамадан бөлек рәсімделеді және кепілдемелік сипатта болады.

Комиссия шешімі басым дауыспен қабылданады және ол келесі қорытындылардың біреуінен тұрады :

- аттестацияланушыға нотариаттық іс-әрекеттер жасау құқығын беру;
- аттестацияланушыға нотариаттық іс-әрекеттер жасау құқығын бермеу.

Комиссия мүшелерінің ешқайсысының дауыс беруге қалыс қалуға құқығы жоқ.

Дауыс санының теңдігі кезінде, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

12. Аттестациялық комиссиясының шешімі мен хаттамасына төрағалық етуші мен барлық қатысушы комиссия мүшелері қол қояды.

13. Аттестация нәтижелері аттестацияланушыға сол күні хабарланады. Комиссия шешімі аттестацияланушыға оның өтініші бойынша берілуі мүмкін.

14. Аттестацияланушыға нотариаттық іс-әрекеттер жасау құқығын беру туралы шешім аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының уәкілетті лауазымды адамын

белгіленген тәртіп пен мерзімдерде, бірақ кем дегенде екі жылдан аспайтын мерзімде кезекті аттестациядан өткізуге дейін нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өкілеттік беретін жалғыз құжат болып табылады.

Аттестациялық комиссияның шешімі, хаттамасы және басқа да деректер әділет департаментінің сақтауында жатады.

Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004.11.04 N 325, 2010.04.20 № 129 Бұйрықтарымен.

15. Нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқық алмаған лауазымды адам мұндай іс-әрекеттер жасауға жіберілмейді.

16. Лауазымды адамға нотариаттық іс-әрекеттер жасау құқығын беруден бас тарту туралы аттестациялық комиссияның шешімі жөнінде белгіленген заң тәртібімен шағымдануға болады.

Аттестациялық комиссияның

ШЕШІМІ

1. Аттестацияланушының тегі, аты, әкесінің аты _____
2. Туған жылы, айы, күні және туған жері _____
3. Білімі және мамандығы _____

_____ (оқу орнының атауы, қашан бітірді және дипломы бойынша мамандығы)

4. Жалпы еңбек стажы _____

5. Лауазымды адамның селода (поселке) нотариаттық қызмет атқаруға тағайындалған күні _____

6. Дауысқа салу нәтижелері _____

7. Қабылдау үшін _____, қарсы болған _____ дауыстар саны _____

8. Комиссия шешімі _____

9. Комиссияның кепілдемесі _____

Комиссия төрағасы _____

Комиссия хатшысы _____

Комиссия мүшелері _____

Аттестация өткен күн _____

Комиссия шешімімен таныстым _____

(аттестацияланушының қолы мен күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК